

**Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 7 қазандағы N 3-1-1766қ қаулысы. Астана қаласының Әділет департементінде 2004 жылғы 18 қазанда N 353 тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 02 маусымдағы N 3-1-379 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", " Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, қала мәслихатының 2004 жылғы 29 маусымдағы N 52/9-III "Астана қаласы мәслихатының 2003 жылғы 29 желтоқсандағы N 12/4-III "Астана қаласының 2004 жылға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімін орындау барысында Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету Ережесі (1-қосымша);

көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссия туралы Ереже (бұдан әрі - Комиссия) (2-қосымша);

Комиссия құрамы (3-қосымша) бекітілсін.

2. Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 8 қыркүйектегі N 3-1-1708қ "Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету Ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Т.М. Мұхамеджановқа жүктелсін.

***Астана қаласының әкімі***

*Әкімнің бірінші орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкімнің орынбасары*

*Әкім аппаратының басшысы*

*Әкім аппараты құжаттамалық  
сараптама бөлімінің меңгерушісі*

*Қаржы департаментінің  
бастығы*

*Көлік және байланыс  
басқармасының бастығы*

*Білім департаментінің  
бастығы*

*Ішкі саясат  
департаментінің бастығы*

Астана қаласы әкімдігінің

2004 жылғы 7 қазандағы

№ 3 - 1 - 1766 қ қаулысына

1-қосымша

**Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету ЕРЕЖЕСІ (бұдан әрі - Ереже)**

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Білім туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету мақсатында дайындалған.

### **1. Жалпы ережелер**

1. Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек беру халықты әлеуметтік қорғаудың бір түрі болып табылады.

2. 019 "Күндіз оқытатын білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілерді әлеуметтік қолдау" бюджеттік бағдарламасының әкімгері Астана қаласының Білім департаменті (бұдан әрі - Әкімгер) болып табылады.

3. Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне жалпы қолданыстағы қалаішілік көлікте тегін жол жүруді қаржыландыру көзі Астана қаласының бюджеті болып табылады.

## **2. Жоғарғы және орта оқу орындарына тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссия**

4. Жоғарғы және орта оқу орындарына тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) Астана қаласының әкімдігімен қаланың жоғарғы және орта оқу орындарына, осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тұлғалар үшін тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау мақсатында құрылады.

## **3. Тегін жол жүру құқығын беру тәртібі**

5. Қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету құқығына ие тұлғалар санаты көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі қаланың жоғарғы және орта оқу орындарының студенттері болып табылады.

6. Белгіленген үлгідегі тегін жол жүру билеті көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) тегін жол жүру үшін  
н е г і з                                      б о л ы п                                      т а б ы л д ы .

7. Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген қаланың және жоғары оқу орындарының тұлғаларына тегін жол жүру билеттерін беру үшін сома шегі Комиссия шешімінің негізінде тиісті қаржы жылына арналған бюджеттен бөлінген  
қ а р ж ы                                      ш е г і н д е                                      а ы ң қ т а л а д ы .

8. Қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте жүру үшін әлеуметтік көмек алуға үміткер көп балалы отбасының студентін есепке қою үшін мына құжаттарды оқу орнының  
ә к і м ш і л і г і н е                                      т а п с ы р у ы                                      т и і с :

тұрғылықты жері бойынша көп балалы отбасының мүшесі болып табылатындығы жөнінде әлеуметтік қамқорлықтың жергілікті атқарушы органы  
б е р г е н                                      а ы ң қ т а м а с ы ;

көп балалы ананың жеке куәлігінің көшірмесі;  
ағаларының және қарындастарының туу туралы куәліктерінің көшірмелері;  
Тұрғын-үй департаментінен балаларының ата-аналарымен бірге тұратындығы  
т у р а л ы                                      а ы ң қ т а м а .

9. Қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте жол жүру үшін әлеуметтік көмек алуға үміткер жетімді-студентті есепке қою үшін мына құжаттарды оқу орнының  
ә к і м ш і л і г і н е                                      т а п с ы р у ы                                      т и і с :

ата-анасының қайтыс болғандығы туралы куәлігінің көшірмесі. Егер туу

туралы куәлігінде ата-анасының біреуі көрсетілсе, онда біреуінің қайтыс болғандығы туралы куәлігінің көшірмесі мен АХАЖ органдарымен берілген N 4 н ы с а н ;

туу туралы куәлігінің көшірмесі және 16 жасқа толғандағы жеке куәлігінің кө ш і р м е с і ;

қамқорлық немесе қамқоршылық белгілеу туралы қала әкімі шешімінің кө ш і р м е с і .

#### 10. Оқу орындарының әкімшілігі:

студенттердің кәсіподақ комитеттерімен бірге қоғамдық өзіндік қызмет және қоғамдық өзін-өзі басқару органдарын (бұдан әрі - Органдар) құруды және жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз етуді;

Органдармен мұқтаж студенттердің тізімдерін әрбір оқу орындары үшін бөлінген тегін жол жүру билеттерінің шегі шамасында қалыптастыру және келісу ;

әрбір оқу орындары үшін тегін жол жүру билеттерінің бөлінген шегі шамасында мұқтаж студенттердің тізімін және осы Ереженің 8-9 тармақтарында көрсетілген құжаттардың көшірмелерін Департаментке ұсыну;

әр айдың қорытындысы бойынша жеткізушімен ұсынылатын, орындалған жұмыстардың актілеріне қол қоюды жүзеге асырады.

11. Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы студенттердің тізімін құрудың растығына оқу орнының әкімшілігі жауапкершілік артады.

#### 12. Д е п а р т а м е н т :

осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың жалпықалалық тізімін қалыптастыруды және Әкімгерге ұсынуды;

оқу орындары әкімшілігінің осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың тізімін құру растығына бақылауды жүзеге асырады.

#### 13. Ә к і м г е р :

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жол жүру билеттерін жеткізушіні анықтауды;

жол жүру билеттерін жеткізушіге осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тұлғалардың жалпықалалық тізімін ұсыну;

шартқа, фактура-шотына, тиісті қаржы жылына сәйкес бөлінген қаржы бөлу шегіндегі жөнелтпе құжатқа сәйкес көрсететін тікелей жеткізушіге тұлғаларды тасымалдау жөніндегі жол жүру билеттерін ұсыну үшін ай сайын төлем ақы т ө л е у д і ;

оқу орнының әкімшілігіне тегін жол жүру билеттерін беруді жүзеге асырады.

14. Бюджеттік қаражаттардың мақсатты пайдаланылуын бақылау қолданыстағы заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Осы Ереженің 5-тармағында көрсетілген тұлғаларына тегін жол жүру билеттерін беруі 2004 жылғы 1 қыркүйектен басталады.

Астана қаласы әкімдігінің

2004 жылғы 7 қазандағы

№ 3 - 1 - 1766 қ қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

**Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссия туралы ЕРЕЖЕ**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, қала әкімінің және әкімдігінің актілеріне, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Комиссия көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттері үшін тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау мақсатында құрылған.

### **2. Комиссияның міндеттері және қызметтері**

3. Комиссияның негізгі міндеті көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау болып табылады.

4. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша құжаттарды көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының студенттеріне қалаішілік жалпы қолданыстағы көлікте (таксиден басқа) жол жүруіне әлеуметтік көмек көрсету үшін қаланың Білім департаментіне және Ішкі саясат департаментіне жібереді.

5. Комиссия негізгі міндеттеріне сәйкес мына қызметтерді орындайды:

1) қаланың жоғарғы және орта оқу орындарының тегін жол жүру билеттеріне шек тағайындау тапсырысын қарастырады;

2) Астана қаласының жоғарғы және орта оқу орындарының тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтайды.

### 3. Комиссияның қызметін ұйымдастыру

6. Комиссия құрамы Астана қаласы әкімдігінің қаулысы негізінде бекітіледі және қаланың Ішкі саясат департаментінің (бұдан әрі - Департамент), Әкімгердің және қаланың жоғарғы және орта оқу орындарының өкілдерінен (келісім бойынша) қалыптасады.

7. Комиссияны оның қызметін басқаратын, Комиссияның отырыстарына төрағалық ететін, жұмысын жоспарлайтын, оның шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын және оның қызметіне жауапкершілік алатын төраға жетекшілік етеді. Комиссияның төрағасы қала әкімінің осы мәселелерге жетекшілік ететін орынбасары болып табылады.

Комиссия төрағасы болмаған жағдайда оның қызметін орынбасары атқарады.

8. Комиссия хатшысы Комиссия отырысының күн тәртібін қалыптастыру үшін ұсыныстар, қажетті құжаттар, материалдар дайындайды және өткізілгеннен кейін хаттамалар ресімдейді.

9. Егер Комиссия мүшелерінің кем дегенде екіден үші қатысса, оның отырысы құқықты өкілетті болып саналады.

10. Комиссия шешімі Комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусын анықтау жолымен ашық дауыс беру арқылы анықталады. Дауыс бірдей болған жағдайда Комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

11. Комиссияның жұмыс кестесін Комиссияның өзі анықтайды.

Астана қаласы әкімдігінің  
2004 жылғы 7 қазандағы  
N 3 - 1 - 1766 қ қаулысына

3-қосымша

**Көп балалы отбасылары мен жетімдер қатарындағы талантты және қоғамдық белсенді жастары ішіндегі жоғарғы және орта оқу орындарына тегін жол жүру билеттерінің шегін анықтау жөніндегі қалалық комиссияның ҚҰРАМЫ**

Мұхамеджанов - қала әкімінің орынбасары, комиссия  
Төлеген Мұхамеджанұлы төрағасы;  
Саиров - Ішкі саясат департаментінің директоры,  
Ерлан Бияхметұлы комиссия төрағасының орынбасары;  
Рахымов - Ішкі саясат департаменті жастармен  
Бекзат Рахымұлы жұмыс жөніндегі жұмыс бөлімінің  
меңгерушісі, комиссия хатшысы.

**Комиссия мүшелері:**

Рахымжанов - Білім департаментінің директоры;  
Әмірхан Мұратбекұлы

- Әбдіманапов  
Сәрсенғали Әбдіғалиұлы  
бойынша);
- Әлімжанов  
Бекен Өкенұлы  
бойынша);
- Досқалиев  
Жақсылық Ақмырзаұлы  
бойынша);
- Мұсаходжаева  
Айман Қожабекқызы  
Старунов  
Виктор Ильич  
Қуандықов  
Әлібек Өсербайұлы  
Жүсіпов  
Әділхан Шаймағамбетұлы  
Жүкіпбеков  
Жеңіс Құрманғалиұлы  
Нағымтаев  
Аманжол Нағымтайұлы  
Ахметов  
Әбенгаббас Елемесұлы
- Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (келісім бойынша);
- С. Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық университетінің ректоры (келісім бойынша);
- Қазақ мемлекеттік медицина академиясының ректоры (келісім бойынша);
- Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры (келісім бойынша);
- Политехникалық колледждің директоры (келісім бойынша);
- Ақмола қаржы-экономикалық колледжінің директоры (келісім бойынша);
- Гуманитарлық колледждің директоры (келісім бойынша);
- Көлік және байланыс колледжінің директоры (келісім бойынша);
- Экономика, технология және ас тағамдарын стандарттау колледжінің директоры (келісім бойынша);
- Медициналық колледждің директоры (келісім бойынша).